



Малшыбаев Сэлтен

1918 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Амантоғай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы 25 маусымда әскер қатарына алынған. 1943 жылы Курск шайқасында оң қолынан жараланып, госпитальда 2 ай емделіп, қайтадан ұрысқа кіреді. 1943 жылдан 1945 жылға дейін 59-ауыр артиллерия бригадасы құрамында болып, Белорусияны, Украинаны, Польшаны, Балтық бойындағы елдерді жаудан босатып, Кенинсбергті алып, Берлин жеріне дейін барған. Берлинді алу операциясынан кейін резервке шығып, Жапонияға қарсы соғысқа қатысады. «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Праганы азат еткені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1946 жылы әскер қатарынан босап елге келген. Совхозда шопан болған. Амантоғайда ең бірінші жеміс ағаштарын отырғызып, өнім жинап өзгелерге үлгі болған. 1995 жылы 10 сәуірде қайтыс болған.





